

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 5 ақпан

№ AIFC-C/CFI/2024/0034 іс

«QARMET» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Талап қоюшы

қарсы

«SILK ROAD COAL LTD» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Эндрю Спинк КС

БҰЙРЫҚ

1-тармақта көрсетілген құжаттарды осы Бұйрықпен бірге қарап шығып, Сот келесіні бұйырады:

- (a) АХҚО Сотының Ережелерінің 9-бөліміне сәйкес, талап қоюшының пайдасына сырттай шешім шығарылсын;
- (b) Талап қою арызының нысанына қоса берілген 1-қосымшадағы шарттың (оған 2-қосымшада көрсетілген техникалық спецификацияны қоса алғанда) тараптар тарапынан орындалуы мүмкін болмауына байланысты оның әрекет етуі тоқтатылғаны туралы танылсын.

ШЕШІМ

1. Мен келесі құжаттармен таныстым:

- (a) Талап қою нысанымен («Талап қою нысаны») және оған қоса берілген, Талап қою нысанының Қосымша А бөлімінде көрсетілген 8 Қосымшаны құрайтын ілеспе құжаттармен;
- (b) Талап қоюшының сырттай шешім шығару туралы 2024 жылғы 22 желтоқсандағы талап арызымен («Талап арыз»).

- 2. Осы дау АХҚО Сотының юрисдикциясына тиісті түрде жатады: Талап арыздың 9-тармағын қараңыз.
- 3. Жауапкерге Талап қою нысаны және ілеспе құжаттар тиісті түрде табыс етілген: Талап арыздың 7-тармағын қараңыз.
- 4. Сот Аппаратының деректері мен Талап арыздың 8-тармағына сәйкес, Жауапкер Тапсыруды растау құжатын да, Қарсылықтарды да ұсынбаған. Осылайша, АХҚО Сотының Ережелерінің 9-бөлігінің 9.1-тармағына сәйкес Талап қоюшының сырттай шешім шығару туралы өтініш беруіне қажетті шарттар орындалған.
- 5. Талапта көрсетілген негізгі талап – Соттың тараптар шартын («Шарт») «тараптардың орындау мүмкін еместігіне байланысты бұзылған деп тануы» туралы тану. Сондай-ақ нақты көрсетілмеген қосымша құқықтық қорғау құралдары да сұралған. Талап арыздың 15-тармағын қараңыз.
- 6. Негізгі талап – сот шешімі арқылы берілетін құқықтық қорғау құралы ретінде қарастырылмайтын тану туралы өтініш, ол АХҚО Сотының Ережелерінде де, Практикалық нұсқаулықта да сырттай шешіммен қанағаттандырылмайтын талаптарға жатпайды. Осылайша, Ереженің 9.3(2)-тармағы қолданылмайды және аталған талап бойынша сырттай шешім шығару принципті түрде мүмкін.
- 7. Талап арыз АХҚО Соты Ережелерінің 6-бөлігіне сәйкес келеді. Талап арыз Жауапкерге қосымша табыстау талап етілмейді: Ережелерінің 9-бөлігінің 9.7-тармағын қараңыз.
- 8. Осы жағдайларда Соттың төмендегі мазмұндағы сырттай шешім шығаруы орынды деп есептеледі: «Шарт (Талап арыздың Қосымша 1-дегі құжат, соның ішінде Талап қою нысанына Қосымша 2-дегі техникалық сипаттаманы қоса алғанда) тараптардың оны орындай алмауына байланысты бұзылған деп танылады».
- 9. Талап қоюшы талап арыздың 15-тармағына сәйкес қосымша құқықтық қорғау құралдарын талап



етсе, нақты сұралған қорғау түрін көрсететін қосымша өтініш беруі қажет.

Сот қабылдады,

Судья Эндрю Спинк КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талапкердің атынан Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Legit Advocates» адвокаттық бюросының адвокаттары Сергей Ватаев мырза, Илья Кириченко мырза және Елена Дворецкая-Юсупова ханым өкілдік етті.

Жауапкер өкілдік етілмеді.